

Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 маусымдағы № 464 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 маусымда № 7517 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Кодексінің 139-бабының 9-тармағына сәйкес, Жаңақорған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

Ескерту 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 23.04.2021 № 54 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының
кезектен тыс XLV сессиясының төрағасы

А. Кыстаубаева

Жаңақорған аудандық мәслихаты
хатшысының уақытша міндетін атқарушы

С. Абдуллаев